

Искакова Ляйла Маратовнаның
6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Сыни ойлау
негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту»
атты тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту

Зерттеу мақсаты: Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау, оның тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың психологиялық – педагогикалық негіздерін анықтау;
- «зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдарының құрылымы мен мазмұнының өзара байланысын нақтылау;
- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктерін айқындау;
- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін тиімді дамытудың әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибеде сынақтан өткізу.

Зерттеу әдістері: *теориялық* (ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, иерархиялау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау); *эмпирикалық* (эксперимент, сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, педагогикалық эксперимент, статистикалық алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, сараптау).

Негізге ережелер:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сыни ойлау қызметі олардың зияткерлігін дамытуда, оқу-танымдық үдерісте күрделі мәселелерді қоя білуімен, проблеманы шешуде тұжырымын дәлелдей білуімен ерекшеленіп, олардың ақыл-ой белсенділігін, сыни тұрғыда шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту бағытында мамандар даярлау мәселесі психологиялық- педагогикалық еңбектерде зерттелуі тұрғысында негізделеді.

2. Сыни ойлау ақпаратты логика тұрғысынан талдай білу және ондағы қарама қайшылықтарды табу, негізделген пайымдаулар, шешімдер қабылдау және алынған нәтижелерді стандартты және стандартты емес жағдайларға, мәселелер мен проблемаларға қолдану мүмкіндігін қарастырып, «зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдарының нақтыланған құрылымы мен мазмұны зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі болып табылады.

3. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл білім субъектісінің шығармашылық белсенділігінің нысаны ретінде оқу-танымдық мотивтермен ынталандырылады, олар оны іске асырудың жолдары ғана емес, тұлғаның зияткерлігін дамытып, сонымен бірге олардың білім алудағы нәтижесіне әсер ететін факторлардың логикалық байланысын қамтамасыз ете отырып, оқыту әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызып, болашақ маманның кәсіби дайындығының сапасы ретінде

теориялық білімге негізделген ерекшеліктері айқындалады.

4. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жүргізілген контенттік талдау, болашақ маманның зияткерлігін дамытуда басшылыққа алатын тұғырларын, принциптерін, әдістерін, компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауда басшылыққа алынып, оның құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруға негіз болды. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың өлшемдері мен компоненттері өзара бір-бірімен тығыз байланыста аталған даярлықтың негізгі құрылымын көрсетеді.

5. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне болашақ мамандарға арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасынан тұратын әдістемелік кешенді тәжірибеге енгізуімен іске асырылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

1. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың психологиялық – педагогикалық негіздері анықталған;

2. «Зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдары құрылымы мен мазмұны нақтыланған;

3. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері айқындалған;

4. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдік көрсеткіштері, деңгейлері анықталған;

5. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін тиімді дамытудың әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибеде сынақтан өткізілген.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Бірінші нәтиже – жаңа. Алыс, жақын шетел ғалымдары мен Отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың психологиялық – педагогикалық негіздері анықталған.

Екінші нәтиже – толық жаңа. «Зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдары құрылымы мен мазмұнын нақтылауда философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерді талдау барысында ұғымдық – категориялық түйінді ойды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарының мәні, құрылымы мен мазмұнын нақтылаған, негізгі ұғымдарға авторлық анықтама берілген.

Үшінші нәтиже - толық жаңа. зерттеу барысында сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктерін айқындауға алғаш рет талпыныс жасалған.

Төртінші нәтиже – толық жаңа. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы дәлелденген. Модельде мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттер түзіліп, оның мазмұнына сай өлшемдер мен көрсеткіштер және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

Бесінші нәтиже – толық жаңа. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін тиімді дамытудың әдістемесі («Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы, «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» әдістемелік құралы) алғаш рет ұсынылып, оның тәжірибеге енгізілуі зерттеудің практикалық жаңалығы болып саналады.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, педагогикалық білім беруді жаңғырту, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету мәселелері басты мақсат-міндеттер қатарына қойылған.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында; құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті. Сонымен қатар, білім алушыларға қойылатын талаптарда зияткерлікті айқындайтын зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу қажеттігі көрсетілген. Сондықтан сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың теориялық-практикалық шешімдерін табу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланыстылығын танытады.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы: Басылымды дайындау кезінде әдебиеттерге теориялық талдау жүргізілді, сонымен қатар басылымдарда эксперименттік зерттеулердің талдауы ұсынылды. Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 17 ғылыми мақала және 1 әдістемелік құрал жарық көрді.

Scopus деректер қорына енетін жарияланымдағы «Developing the Future Primary School Teachers Intellectual Skills in Kazakhstan». International Journal of Instruction (Switzerland), – 2021.V.14. – No.3 – P. 755 - 770. (Amirova A., Ospanbekova M., Zhumabekova F., Ageyeva L., Zhailauova M.) атты мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік дағдыларын дамыту жолдары және сандық талдау әдісі сипатталады. Мақала жазудағы докторанттың үлесі – 80 % құрайды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақала жарияланды:

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда сыни ойлаудың маңызы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. – «Педагогика ғылымдары» сериясы – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – №1(57). – Б. 40-45. атты мақалада сыни ойлаудың маңызы айқындалады. Докторанттың мақала жазудағы үлесі – 100 %.

Болашақ мамандардың зияткерлігін дамытуда сыни ойлау технологиясын пайдаланудың тиімділігі. Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Хабаршысы. – «Педагогика ғылымдары» сериясы – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ, 2018. – №2 (70). – Б. 3-9. (А.С.Амирова). Ғылыми мақалада сыни ойлау технологияларын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының үш фазасы сипатталады. Мақала жазудағы докторанттың үлесі –70%.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үдерісінде сыни ойлау дағдыларының рөлі. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. – «Педагогика ғылымдары» сериясы – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – №4(60). – Б. 196-204. мақаласында сыни ойлаудың 1.

түсіндіру; 2. талдау; 3. бағалау; 4. қорытындылау; 5. түсіндірмелеу; 6. өздігінен реттелу когнитивтік дағдыларына тоқталып өткен. Зияткер маман даярлауда дағдылардың алатын орны ерекше аталып өткен. Докторанттың мақала жазудағы үлесі – 100 %.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдіснамалық аспектілері. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. – «Педагогика ғылымдары» сериясы – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2019. – №1(61). – Б. 42-47. Аталған мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға байланысты әдіснамалық тұғырлар (ұстанымдар, әдістер, тәсілдер жиынтығы) және әдістемелік ұсыныстар қарастырылған. Докторанттың мақала жазудағы үлесі – 100 %.

Педагогикалық ЖОО-ның білім беру үдерісінде студенттердің зияткерлігін дамыту. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. – «Педагогика ғылымдары» сериясы – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2019. - №4(64). Б. 198 – 203. (Косшыгулова А.С.) Мақалада оқу үдерісін құрудың ықтимал формалары мен әдістері анықталған. Мақала жазудағы докторанттың үлесі - 85%.

Шетелдік және Отандық халықаралық конференция материалдарында басылымдарда 11 мақала жарық көрді:

Theoretical aspects of future teachers intellectuality development. AD ALTA: journal of interdisciplinary research, 2019; 09 (01): pp. 46-51. (*Zh.Madaliyeva, Sh.Shekerbekova, A.Baiganova, A.Mankesh, Sh.Akimbekova, M.Abdiyeva*) Мақалада болашақ мұғалімдердің зияткерлігін дамытудың теориялық аспектілері жан-жақты талданған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 85%.

Сыни ойлаудың негізгі принциптері мен әдістерінің зияткерлікті дамытуда алатын рөлі. II. Uluslararası. Abay Kunanbayoğlu Kazak Kültürü, tarihi ve edebiyati Sempozyumu. Ankara. 11-14 Kasım 2018. – Б. 19-25. (*Г.Ж. Сабыр, А.Б. Алдабергенова, Г.М.Искакова Г.С.Сейтбаева*) Мақалада сыни ойлаудың «The Question Behind the Question» әдісінің негізгі принциптерінің маңыздылығы қарастырылған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 85%.

Развитие критического мышления будущего педагога в процессе профессиональной подготовке в вузе. UMTEB IV. Uluslararası. Mesleki ve Teknik Bilimler Kongresi. Erzurum. 7-9 Aralık 2018 – Б. 783-791. (*Г.М.Искакова Г.С.Сейтбаева*). Мақалада ЖОО-да кәсіби дайындық процесінде болашақ педагогтың сыни ойлауын дамытудың жолдары айқындалған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 85 %.

Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту. Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №1 (156) 2021. Б. 143-151. (*Бекбаева М.Т.*). Мақалада статистикалық талдау жасау арқылы сыни ойлау дағдыларын қамтитын студенттердің зияткерлік деңгейіне арнайы оқытудың әсері анықталған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 85 %.

Сыни ойлау технологиясының педагогикалық аспектісі. Materials of the XIII international scientific and practical conference. «Cutting – edge science - 2017» (30 April – 07 May, 2017). England. 2017. – Б. 69-74. мақалада технологияларды тиімді, жүйелі қолдану сабақ уақытын ұтымды пайдалануға септігін тигізетіні жайлы жазылған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%.

Зияткерлік ұғымының Отандық және шетелдік ғылым салаларында зерделенуі. Материали за XIII международна научна практична конференция. Бъдещи въпроси от света на науката (15-22 декември 2017) София. «Бял ГРАД-БГ». 2017. – Б. 49-52.

мақалада ғалымдардың зияткерлік ұғымына берген анықтамаларына жан-жақты талдау жасалынған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%.

Развитие интеллекта как основа личностного и профессионального развития. XIII международная научно-практическая конференция «Шамовские педагогические чтения научной школы управления образовательными системами». Москва 2021. – 49-54 стр. (Есмуратова Г.Ж.) Мақалада зияткерлікті дамытудың жеке компоненттері және ақыл-ойдың жалпы деңгейі қарастырылып эксперименттік зерттеу жүргізілген. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 85 %.

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы сын тұрғысынан ойлау мәселесінің көрінісі. «Қазіргі мектепке дейінгі және бастауыш білім беру: теориясы, әдістемесі және тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Алматы, - 2017. – Б. 353 - 356. мақалада жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, білім алушыларды сын тұрғысынан ойлауға көңіл бөлу мәселесі қарастырылған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 100%.

Сын тұрғысынан ойлау әдістемесінің тиімділігі. «Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, 2019. – Б. 316 – 320. (Абилбакиева Ғ.Т., Дайрабаева Н.О.). Мақалада сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдері, олардың мақсаты, міндеттері және сабақ барысында қолдану тиімділігі көрсетілген. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 75%.

Оқушылардың зияткерлігін дамыту мәселесінің зерттелу жайы. «Қазіргі жағдайда білім алушы жастарға ұлттық тәрбие берудің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2020. – Б.211-215. (Косшыгулова А.С.) Аталған мақалада зияткерлікті философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан зерттелуі жайлы ғалымдардың еңбектері саралай отырып, автор өз анықтамасын берген. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 80%.

Critical thinking as a factor of future primary education teachers' intellectual development. «Білім және ғылымдағы инновациялар». II Халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: 2018. – Б. 40-43. (Мустафа Кале). Мақалада сыни ойлау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік даму факторы ретінде қарастырылып, зияткерліктің маңызды қасиеттері- ақыл-ойдың қызығушылығы мен тереңдігі, оның икемділігі мен ұтқырлығы, дәйектілігі, олардың сипаттамалары анықталған. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі - 70%.

Әдістемелік құрал:

1. Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту: Әдістемелік құрал/– Алматы, 2019. – 71 б. Әдістемелік құрал 2 бөлімнен тұрады. 1-бөлім - ЖОО-да жүргізілген (дәріс, практикалық сабақ, СОӨЖ) сабақтарының үлгі жоспарларынан, 2 – бөлім - зияткерлікті дамытуға арналған тренингтер мен жаттығулардан тұрады (Амирова А.С.). Докторанттың әдістемелік құрал жазуға қосқан үлесі - 85%.

Бұл жарияланымдар докторанттың диссертация мазмұнына байланысты, алынған нәтижелерге сәйкес негізінен жеке орындаған еңбектер болып табылады.